

74, 58
Ж 76

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ



Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



"XXI ғасырдағы инновация мен ғылымның дамуындағы жастардың рөлі"
атты "Рухани жаңғыру" бағдарламасы шеңберінде, «ЕЛ ЖҮРЕГІ – АСТАНА»
Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласының 20-жылдығына
және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық
университетінің 55-жылдығына арналған студенттер
мен магистранттардың үшінші
республикалық ғылыми-практикалық конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

третьей республиканской научно-практической
конференции студентов и магистрантов

"Роль молодежи в развитии науки и инновации в XXI веке" в рамках
программы "Рухани жаңғыру", посвященной 20-летию столицы
Республики Казахстан – города Астаны «ЕЛ ЖҮРЕГІ - АСТАНА»
и 55-летию Западно-Казахстанского аграрно-технического
университета имени Жангир хана

28-29 наурыз, марта

Орал, Уральск 2018

как ни странно, СМИ, чье изначальное назначение было обучать и информировать аудиторию.

Это должно вызвать искреннюю тревогу каждого культурного человека, так идет посягательство на самое ценное, что есть у народа – его язык.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Шарандин А. Л. Культура речи на рубеже 20-21 веков - Тамбов, 2005. – 325с.
2. Володина М. Н. Язык средств массовой информации - М.: Академический Проект: АльмаМатер, 2008. – 238 с.
3. Газета «Комсомольская правда»
4. Газета «Аргументы и факты»
5. Земская Е.А. Активные процессы современного словопроизводства // Русский язык конца XX столетия (1985 - 1995). М., 1996
6. Аверин А.Н. Социальная информация. //Учебное пособие. М., 2006.
7. Барденштейн Л.М., Можгинский Ю.Б. // Патологическое гетероагрессивное поведение у подростков. М., 2010, с.234
8. Бредихин И.В. Социология молодежи, 2006, Москва. -с.321
9. Войсунский А.Е. Психологический журнал, 2009, с.90
10. Добренев В.И., Кравченко А.И. Социология, том 3. М., 2008. - с. 436

ТҮЙІН

Мақалада бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі заман адамының сөйлеу мәдениетіне әсері, мәселелері қарастырылады. Жұмыста элеуметтік талдау, сараптама мәліметтерді салыстыру әдістері пайдаланылды. Ғылыми-зерттеу жұмысы тілдік емес оқу орындарының білім алушыларына арналған.

RESUME

In the article the problems of influence of mass medias are examined on speech of modern man. The methods of the sociological questioning, analysis, comparison of the data contained in different sources, were in-process used; methods, inherent theories of linguistic. Research work is intended for students student in unlanguage institution of higher learning.

ӘОЖ 791,43.01

А.А. Джумабекова, оқытушы

М. Берсекенев, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР.

ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Аннотация

Мақалада қазақ киносындағы ұлттық құндылықтарды сақтап, дамыту жайы, көп ұлтты қазақ елінде тұратын халықтардың отансүйгіштігі, бірлігі, ынтымақтастығы бір-бірімен үндесуі туралы баяндалады.

Түйін сөздер: ұлттық құндылық, әдет-ғұрып, кино өнері, кейіпкерлер, рухани байлық.

Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады.

Кино-халық өмірін көрсететін өнер ғана емес, ол-өнеге ізі, тағылым жолы, рухани байлық.

Мәдениет-қашанда халық үшін қажет те, қасиетті ұғым. Оған тарих та, әдебиет те, тіл де, өнер де -ұлттық рухқа, болмысқа қатысты нәрселердің бәрін жатқызуға болады. Мәдениет-сан-салалы, үнемі бір бағытта ғана емес, ескінің жаңамен, төл туманың өзге мәдени ауқыммен қарым-қатынас негізінде дамитын үздіксіз процесс. Сондықтан кино -мәдениеттің келелі салаларының бірі. Кино-халық сүйетін, көптің көруіне өте қолайлы өнердің бір түрі. Фильм миллиондағанадамдарға ой салып, өмір мәселелерін талдатады, қорытынды жасатады. Біздің елімізде өзіміздің ұлттық болмыс-бітімімізге, ұлттық ұғымымызға негізделген.

Тағылымға толы «Қыз Жібек» фильмі-махаббат қана емес, қазақ елінің ұлттық өнерін, өмірін, салт-дәстүрін дәл көрсететін тарихи туынды. Бұл фильмді көрген соң Ш.Айтматов: «Мұндай көне тарихты, халық өмірін толыққанды, мол бояулы көрсететін фильм халықты әлемге таныту үшін, патриоттық сезімін тәрбиелеу үшін қажет», - деп атап көрсеткен [1]. Фильмнің өзгені де ойландырып ой салатынына тағы бір дәлел: кино туындыны француздар Парижде тамашалағанда, олардың алған әсерлері соншалық, фильм аяқталса да, орындарынан тұрмай, жарты сағат үнсіз отырып қалған екен. Бүгінде осы фильмнің басты кейіпкерлерінің өмір жолы-жастарға үлгі, тағылымы мол рухани байлық көзі.

Кино өнерінің басты міндеті-көркемдігі әсем, көруге қызықты, идеясы маңызды фильмдер шығару. Ондай фильмдерді жасайтын орын біреу-ақ. Ол-киностудия. Киностудия-өнер ордасы, халық сүйген, халық құршынған тамаша өнер саласының қайнар бұлағы. Кино – әр салалы және алуан жанрлы өнер. Киноның салалары мен жанрлары әрқайсысының туу, қалыптасу, даму тарихы бар.

Қазақ кинематографистері өздерінің алғашқы қадамын деректі кино түсіруден бастады. Деректі фильм өзінің оқиғаны тез қамтып, оны көпшілікке дер кезінде жеткізетін ұшқыр қасиетімен кино өнерінің тиімді жанрына айналды. Қазақ киносы да алғашқы кезде мылқау болды. Тек 1938 жылы республикадағы алғашқы дыбысты лента-«Жамбыл ата» түсірілді. Осы жылы қазақ көркем фильмінің алғашқы қарлығашы -«Амангелді» дүниеге келді. Ұлттық кино өнерінің бұл туындысы қазақ және орыс кинематографистерінің қатысуымен «Ленфильм» студиясында жасалды. Фильмде ұлттық ерекшелік өзінің тарихи революциялық мазмұнымен айқын интернационалдық сипат алды. Амангелді рөліндегі Е.Өмірзақов өзінің рухани және идеялық сенімі, мінез-сипаты, түр-тұлғасы жағынан халық қаһарманына өте жақсы келді. [2]

Қазақ кино әлемінде балалық шақты бейнелейтін фильмдер аз емес. Қызыға қарайтын бұл туындылардың жас көрермендерге берер тағылымы орасан зор. Солардың бірі – қанша көрсек те маңызын жоғалтпаған, үлкенге де, кішіге де жол таба білген «Менің атым Қожа» фильмі. Аталмыш туынды нақты шынайы өмірді суреттейді. Бар болмысымен сомдаған Қожа «міне, мен қандаймын, қазақ деген осы» деп тұр. Баланы алдау оңайға түспейді. Ол жақсы мен жаманды, жалғандық пен шынайылықты тез сезініп қояды. Ауыл балалары, әсіресе, жасөспірімдер жасқаншақтау, өз-өзіне сенімсіз болып келеді. Ал Қожа еш нәрседен қымсынбайды, ашық, қал-қара, нағыз ауыл баласы.

Қазақта Отанға деген сүйіспеншілікті, ұлтына деген ұлттық сезімді, даналарымыздың Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Олжас Сүлейменовтың еңбектерінде молынан кездеседі. Ұрпақ тәрбиесін келешек қамын ойластырып, Міржақып Дулатов: «Тәрбиенің әсері күшті сіңімді халық мектебінде. Одан бала ойына, қанына, сүйегіне керекті мағлұматтар алып шығады», [3] - деген болатын.

Ұлттық бірлікке, Отанын, жерін сүйе, ұлттық тәуелсіз мемлекетті нығайтуда көркем шығарманың орны ерекше. Көркем шығармаларда отансүйгіштік, достық, парасаттық тәрізді адамгершілікке толы игі қасиеттер дәріптеледі.

«Көшпенділер» фильмі қазақ тарихында драмаға толы кезеңді суреттейтін жоңғар басқыншылығына қарсы қазақ халқының азаттық соғысы.

XVII ғасыр. Қазақ даласы. Ертеден жеткен сәуегейлікте елдің басын біріктіріп, бір тудың астына жинап, қабырғалы мемлекетке айналдыратындығы туралы айтылады. Ақ пен қараның тартысы, достықтың қиындықта сыналып, қызғаныштың қызыл отына шарпылғандығы, махаббаттың тағдырға мойын ұсынуы көрсетіледі. Қазақ ханының ордасында кішкентай сұлтан – Мансұр дүниеге келеді. Тағдыр осы кішкентай сәбиге кейін Қазақ хандығының іргетасын кеңейтіп, Ертіс пен Еділ арасындағы мемлекет құруды сыйлады.

Бүгінгі күні танымдық құралдардың бірі қазақ киносының жастар өмірінде алатын орны ерекше. Ең қажетті қасиет сенімділікті, жастардың бойына ұялатудың маңызы зор. Мен құрбы-құрдастарымның арасында киноның мәні, өмірден алатын орны туралы пікірлесу сұхбатын, сауалнама өткізген едім. Олардың ойынша, кино шындығында танымдық әдебиетке жататын құрал. Танымдық әдебиет дегеніміздің өзі-тіл, тарих, мәдениет, өнер. Сондықтан, жастар танымдық қабілетін ашып, рухани біліммен қаруландыруда киноның рөлі зор деп біледі.

Телеарналарда көрсетіліп жатқан көркем фильмдердің бір пайызы ғана Қазақстанға қатысты. Олар басқа халықты дәріптейді. Ал Ресейде отаншылдықты насихаттайтын фильмдерге бюджеттен арнайы қаржы бөлу қарастырылған. Франция шетелдік фильмдерге үстеме салық төлетеді. Ол қаржы ұлттық кинематографияның дамуына жұмсалады.

Егер елімізде кино әлеміне мұндай жағдайлар жасалса, жастар отаншылдық рухта тәрбиеленер еді. «Ағылшын мен орыс шекпендерінің» астында қалған ана тіліміз, мәдениетіміз, діліміз ұлттық фильмдер арқылы дәріптелер еді.

Алтын жауынгер, Томирис, Сұлтан Бейбарыс сияқты тарихи кейіпкерлердің бейнесін алдыңғы қатарға шығарып, нағыз өнер туындыларын дүниеге әкелуге болады. Ұлтымыздың нағыз батырлар туралы тамаша шығармаларды жасай отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесін ғана шешіп қоймай, әлемдік прокаттың сәті түсе қалған жағдайда Қазақстанды ежелден келе жатқан бай мәдениеті бар ел ретінде танытуға жол ашылады.

Өз елін мақтан тұтатын, асқақ ойлы, рухы мықты ұрпақтың өсіп жетілуі үшін мұны қолға алуды бүгіннен кеш қалдырмау керек. Анимациялық мультфильм арқылы жас жеткіншектің бойына ұлттық салт-дәстүрлер мен мәдениетін, ана тілін жетік білу, туған жері халқын ардақтап, мақтан тұту сияқты асыл қасиеттерді сіңіріп, тәрбиелеуге болады. Мультфильм арқылы жас бала өмірге икемделіп, өзіндік дүниетанымын қалыптастырады. Сондықтан да шығарманың өн бойы барынша адалдық пен шынайылыққа, мөлдірлік пен парасатқа тұнып тұруы керек. Себебі, бала жүрегі сезімтал, нәзік. Мультфильм кейіпкері арқылы бала жүрегіне жол таба білу керек.

Мәселен, жапондықтар балаға отансүйгіштік тәрбиені жастайынан бойына сіңіреді екен, бізде осы жағы осалдау сияқты. «Жас жеткіншектеріміз өзге елдің

мультфильмдерін көреді, өйткені елімізде ұлттық рухты, салт-сананы бейнелейтін анимациялық фильмдер жоктың қасы» - дейді студенттер.

«Ер Төстік», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» шығармалары бойынша бояуы қанық мультфильмдердің шығарылуы көңіл қуантады. Ұсқынсыз шетелдік жалмауыздарды дәу болса да аңқау, мейірімді, халыққа көмекке келетін Таусоғар, Көлтауысарлар ығыстырар еді. Мультфильмнің мазмұны, басты кейіпкерінің мінезі мен сырт келбетін суреттеуде, бейнелеу қатарын жеткізуде кеңес және қазақ мультфильмдері назардан қалмау керек.[4].

Анимация өнерінің өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына рухани байлық пен ұлттық мәдениеттің дәмін себетін құнды құрал ретінде атқаратын қызметі зор.

Жастардың ішкі әлемі мен рухани сұранысын қанағаттандыру жолында ұлттық тағылымнан бастау алатын, тәрбиелік құндылығы бар, кешегі дәстүр мен бүгінгі күнді байланыстыратын аралықты табудың қажеттілігі – дәл қазір қазақ анимациясы үшін өзекті мәселелердің бірі.

«Фильмдерде қазақ жеріне деген сүйіспеншілік бой көтеруі тиіс. Бізге өжет, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу керек», - деген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев [5]. Елінің патриоты - оқығанын түйеді, көргенін салыстырады, өзгенің жақсысын көрсө, біз неге солай болмаймыз деп намыстанады. Өз елінің дәстүрі, ән-жыры, тіл өнері мен болмысы, мәдениетінен асқан ештеңе жоқ деген сөз.

Сөз соңында жастар киноның адамгершілікке, инабаттылыққа баулып, ұлттық болмысымызды сақтап, ұлттық құндылығымызды дәріптеуге көмектесетін құрал деп түсінсе, ал сол рухани құндылықтың бірі болып саналатын кино әлемі ұлттық құндылықтан алыстамаса болғаны дегім келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Сиранов «Кино туралы әңгіме», А., «Жазушы» 1973.
2. К.Смаилов «Фильм осылай туады» А., 1981.
3. Г.Бектасова «Қазақ киносына жаңа леп әкелген фильм», «Өнер әлемі» №1-2 2007.
4. «Дүниені танқалдыратын фильм қашан түсіріледі?», «Парасат» №7 шілде 2007.
5. Ғ.Серікқызы «Ана тілімізде сөйлеу – патриотизмнің нағыз белгісі», «Жас қазақ» 9 қаңтар 2009 9-бет.

РЕЗЮМЕ

Киноискусство является синтезом литературы, изобразительного искусства, театра, музыки и кино. В данной статье рассматриваются национальные ценности кино, о развитии и патриотизме казахского народа, проживающего в многонациональной стране.

RESUME

Cinematography is a synthesis of literature, fine arts, theater, music and cinema. This article discusses the national values of the movie, on the development and patriotism of Kazakh people living in multi-ethnic country